

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 ақпандағы N 200 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 2 желтоқсандағы N 1225 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.11.02. N 1092 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Бала тууына байланысты берілетін бір жолғы мемлекеттік жәрдемақы төлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 ақпандағы N 200 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 9, 100-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспедегі "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңына сәйкес" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

көрсетілген қаулымен бекітілген Бала тууына байланысты берілетін бір жолғы мемлекеттік жәрдемақы төлеудің ережесінде:

кіріспедегі "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес" деген сөздер алынып тасталсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жәрдемақыларды төлеу ата-анасының біреуіне (тірі бала туған анасына не осы баланың әкесіне), ата-анасының екеуі де болмаған жағдайда - қамқоршыларына не баланың өзге заңды өкілдеріне табысына қарамастан жү р г і з і л е д і " ;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Туған әрбір балаға жәрдемақы төлеу тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы заңмен бекітілген он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жү з е г е а с ы р ы л а д ы " ;

8-тармақтағы "6" деген сан "12" деген сандармен ауыстырылсын;

9 - т а р м а қ т а :

2) тармақша "не емдеу мекемесінің бала туылғаны туралы анықтамасының көшірмесі" деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармақша алынып тасталсын;

17-тармақтағы "2003 жылға арналған" деген сөздер "тиісті жылға арналған" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін 1-тармақтың алтыншы, сегізінші, тоғызыншы және он бірінші абзацтарын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы*  
*П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

*м і н д е т і н а т қ а р у ш ы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК